ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2023 жылғы 16 маусымдағы №2713-23-00-2/1133 Орал қаласы

Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Журабаев Б.Ш.
азаматық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жәнібек ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«СЕКОН и КО»-Аубекеров Сердыгали Мергалиевич жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Жәнібек ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер СЕКОН и КО»-Аубекеров Сердыгали Мергалиевич жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

СЕКОН и КО»-Аубекеров Сердыгали Мергалиевич жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

СЕКОН и КО»-Аубекеров Сердыгали Мергалиевич жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Талап қоюдың тұрақсыздық айыбын өндіру бөлігі қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья **Журабаев Б.Ш.**

Сот өндірісі
Судопроизводство
Құжатқа қол қойылған: Журабаев Б. Ш., 16.06.2023
Заңды күшіне енген күні 28.07.2023, судья Журабаев Б. Ш., 02.08.2023
2713-23-3-1/1180